ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 26 қараша № 5265-25-00-2/3922 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Кенжебаева
сот отырысының хатшысы З.Бахытжанованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің «№ 69 мекемесі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Нұрбол» Мергенбаев Нурбол Айдарбекұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 24 қаңтарда Тапсырыс беруші «Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің «№69 мекеме» республикалық мемлекеттік мекемесі (ары қарай - Тапсырыс беруші, талап қоюшы) мен Өнім беруші жеке кәсіпкер Нұрбол басшысы Мергенбаев Нурбол Айдарбекұлы (ары қарай – жауапкер, ЖК Нурбоол) арасында №13 санды бағалы ұсыныыстарға сұраным бойынша мемлекеттік сатып алудың №13632506-ЗЦП1 қорытындылары негізінде көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартын жасасты (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың 1.1. тармағына сай Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша қызмет(тер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен көрсетілген қызмет(тер)ді қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шарттың №1 қосымшасына сай өнім беруші санитарлық қызмет көрсетуге (дезинфекция, дезинсекция, дератизация және соларға ұқсас)

нақтырақ айтқанда дезинсекция (ғимараттың өңдеу 3580 м2), дератизация (ғимараттың өңдеу 11450 м2) қызмет түрін, ағымдағы жыл бойы тапсырыс берушінің өтінімі бойынша атқаруға міндеттенген. Қызмет көрсету мерзімі 2025 жылғы 20 желтоқсанға дейін, қызмет көрсету орны тапсырыс берушінің Шымкент қаласы, Әл Фараби ауданы, Сауле м/а №82/1 мекен-жайындағы нысаны.

Шарттың 2.1 тармағына сай жалпы сомасы 285 356 теңгені құрайды.

Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алудың порталы арқылы жауапкерге 2025 жылдың 19 және 25 ақпанда, 28 наурызында, 21 және 29 мамырында Шарт бойынша міндеттемелерін атқару қажет екенін көрсетіп өтінімдер жолдаған.

Алайда, жауапкер өз міндеттемелерін атқармаған, тапсырыс берушінің нысанына келмеген.

Сондықтан талап қоюшы 2025 жылғы 29 мамырда жауапкерге мемлекеттік сатып алу порталымен Шартты біржақтама бұзатыны жайлы хабарлама жолдаған. Жауапкер хабарламаны алған және оқыған.

Бұдан әрі 2025 жылғы 29 маусымда Шарт Тапсырыс беруші тарапынан біржақтама бұзылған.

Бұдан әрі жауапкер аталған уақытқа шарт бойынша өз міндеттемелерін мүлдем атқармағандықтан, тапсырыс беруші жауапкерді талап қоюдың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгініп, соттан оны қанағаттандыруды сұраған.

Жауапкерден сотқа талап қоюға жазбаша қарсы пікір түспеген.

Талап қоюшы талап қоюды қолдайтынын көрсетіп, аталған азаматтық істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрап арыз түсірген.

Жауапкер сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланғанымен сотқа келмеді, өзінің келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламады және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК) 196-бабына сәйкес, сот, сот отырысын талап қоюшы мен жауапкердің қатысуынсыз қарауды мүмкін деп тапты.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабы 4-тармағы 3-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі 3) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім

Құжатқа қол қойылған Конжебаева Ж.К., 02.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 09.01.2026, судья Конжебаева Ж.К., 11.01.2026
5265-25-3-6/682

берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Шарттың талаптарына сай Өнім беруші өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Заңның 43-бабының 23-тармағына сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Сот іс құжаттарын зерделеп келесі тұжырымға келді.

Тараптар арасында 2025 жылғы 24 қаңтарда №13 санды көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарты түзілген. Жауапкер шарт талаптарына сай талап қоюшының өтінімі бойынша ағымдағы жыл бойы 2025 жылғы 20 желтоқсанға дейін жұмыстар атқаруға міндеттенген.

Тапсырыс беруші жауапкерге Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды талап етіп бірнеше рет өтінім жолдағаны Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алулары туралы порталынан айқын көрінеді.

Нәтижесінде талап қоюшы 2025 жылғы 29 маусымда Шартты біржақтама бұзған. Талап қоюшы Заңның 8-бабы 4-тармағы 3-тармақшасына сай шарт бұзылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей сотқа жүгінген.

Шарттың 2.5 тармағына сай төлеу алдындағы қажетті құжаттар: аумақтық қазынашылық органында тіркелген Шарт; көрсетілген қызмет актісі (актілері); мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 53-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық туралы есеп; өнім беруші Тапсырыс берушіге көрсеткен қызметтердің сипаттамасымен, жалпы сомасы көрсетіле отырып, электрондық шот-фактура;

Шарттың 3.1 тармағының 3) тармақшасына сай өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Алайда, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған, тиісінше жұмыс атқарылмаған, тараптармен атқарылған жұмыстар туралы актілеріне қол қойылмаған.

Талап қою талабын қарау кезінде сот өнім берушіге қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындау міндеті жүктелген шарттың ережелерін ескереді. Аталғандар негізінде сот өнім беруші шартпен бекітілген өз міндеттемелеріне немқұрайлы қарап, шарт бойынша міндеттерін мүлдем орындамаған деген тұжырымға келеді.

Тапсырыс беруші мен Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Құжатқа қол қойылған: Кенжебаева Ж. К., 02.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 09.01.2026, судья Кенжебаева Ж. К., 11.01.2026

5265-25-3-6/682

Жауапкер Шартпен бекітілген міндеттемелерін орындағанын айқындайтын нанымды дәлелдемелерді сотқа ұсынбаған.

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынбаған.

Жауапкермен талап қоюшының уәждерін теріске шығаратын басқа ешқандай дәлелдемелер сотқа ұсынылмаған.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

АІЖК-нің 72-бабына сәйкес әрбір тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғау құралдарын пайдалануға, фактілерді бекітуге, даулауға, судья белгілеген мерзімдерде дәлелдемелер мен дәлелдемелерге қарсы қарсылықтар келтіруге тиіс, олар процестің адал жүргізілуіне сәйкес келеді және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған. Осылайша, сот талап қоюшымен ұсынған дәлелдемелер жиынтығы оның талаптарын қанағаттандыру үшін жеткілікті деп табады.

Жауапкермен талап қоюшының уәждерін теріске шығаратын ешқандай дәлелдемелер сотқа ұсынылмаған.

АПК-нің 109-бабына сай, жауапкерден мемлекет пайдасына 1 966 теңге баж салығы өндірілуі тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің «69 мекемесі» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Нұрбол» Мергенбаев Нурбол Айдарбекұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Нұрбол» Мергенбаев Нурбол Айдарбекұлынан мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілгеннен күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Жуатка қолтаңбалған Кенжебаева Ж. К., 02.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 09.01.2026, судья Кенжебаева Ж. К., 11.01.2026
5265-25-3-6/682

Судья **Ж.К.Кенжебаева**

Кужатка кол коюлган Кенжебаева Ж. К., 02.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 09.01.2026, судья Кенжебаева Ж. К., 11.01.2026

5265-25-3-6/682